



010000, Астана , Парламент Мәжілісі

201\_\_ жылғы “ \_\_\_\_\_ ” \_\_\_\_\_  
№ \_\_\_\_\_

010000, Астана, Мажилис Парламента

«\_\_» \_\_\_\_\_ 201\_\_ года  
№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан Республикасының**  
**Ішкі істер министрі**  
**Қ. Н. Қасымовқа**

2017 жылғы 11 қазанда  
жарияланды

### **Депутаттық сауал**

#### **Құрметті Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы!**

Тәуелсіздік жылдарында Елбасы, Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының Төрағасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың шақыруымен әлемнің әр түкпірінде тұрып жатқан отандастарымыз өздерінің атамекені – Қазақстанға жаппай оралып, жас мемлекетіміздің дамып, өркендеуіне аянбай атсалысу үстінде.

Мемлекет басшысы Дүниежүзі қазақтарының үстіміздегі жылы болған V құрылтайында сөйлеген сөзінде: «...елім, жерім деп еміренген әрбір қазаққа Қазақстанның есігі әрқашан айқара ашық. Ешкімге шектеу жоқ. Біз көшіп келетін ағайынға жол сілтеуді тұрғылықты жерінен бастауымыз керек. Елшіліктер азаматтардың құжатын қамдап, қоныстанатын жері туралы кеңес беруге тиіс. Оны Сыртқы істер министрлігіне тапсырамын. Сонда шекарадағы шырғалаң да, елге келген соң құжат түгендеу үшін ары-бері сабылу да болмайды», - деп қадай айтқаны мәлім.

Өкінішке қарай, 2015 жылы Жамбыл облысына Қытай Халық Республикасынан көшіп келген 251 этникалық қазаққа қазір өздері келген көршілес елге сот арқылы күштеп шығарылу қаупі төніп тұр. Өйткені, арада екі жыл өткенде олардың ықтиярхаттар алу үшін тапсырған кейбір құжаттары жалған екендігі анықталған болып шықты.

Ал оралман ағайындар: «Біз делдалдар мен жемқорлардың құрбаны болып отырмыз», - деп санайды. Қалың жұртшылық айрықша назар аударып, әлеуметтік желілерде қызу талқылау тақырыбына айналған осы келеңсіз оқиғаның орын алу себептерін және оған кімдер кінәлі екендігін қазіргі кезде Тараз қаласы көші-қон

басқармасының лауазымды тұлғаларына қатысты жүргізіліп жатқан қызметтік тергеу нәтижесі әділ анықтап береді деп сенеміз.

Әрине, екі жыл бойы елімізге судай сіңіп, тастай батып, үйлі-күйлі болып, өздерінің тарихи Отандары – Қазақстанның игілігі жолында алаңсыз да адал еңбек етіп, шаттыққа бөленіп жүрген шақтарында аяқ астынан туындаған шатақ мәселе оралман ағайындарды төбелерінен жай түскендей есеңгіретіп, қатты абыржытып тастағандығы анық.

«Тас – түскен жеріне ауыр» дейді халқымыз. Атажұртым деп аңсап келген ағайындарға араша түсу – азаматтық парызымыз.

Сізден Жамбыл облысындағы 251 оралман бауырымыздың жанайқайларына құлақ асып, осы өзекті мәселені өзіңіздің жеке бақылауыңызға алуыңызды және қолданыстағы заңнама аясында тиісті шешім қабылдауыңызды сұраймын.

Осы депутаттық сауалға жауапты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-ші бабына сәйкес жазбаша беруіңізді өтінемін.

**Құрметпен,  
депутаттар,  
«Нұр Отан» партиясы  
Фракциясының мүшелері**

**К. Мұсырман  
Н. Сабильянов  
Б. Хаменова  
Ф. Қаратаев**

Орындаған: А. Канафина  
Тел.: 74-62-21